

Әлеуметтік педагогтың 2024- 2025 оқу жылына талдауы

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР Оқу – ағарту министрінің 07.08.2023 №248) негізінде жылдық жоспары құрылып, жұмыс жүргізілді.

I.Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу бағыты бойынша ұйымдастыру шаралары жүргізілді. Жоспар негізінде қыркүйек айында мектептің әлеуметтік паспорты мен әлеуметтік карта толықтырылды. Мектеп білім алушыларының сынып паспорты жинақталып, көпбалалы, толық емес отбасы балалары және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар туралы мәліметтер базасы ата – аналармен сұхбат, сауалнама жүргізу арқылы толықтырылды. Диагностикалық зерттеу жұмысының нәтижесінде білім алушылардың әлеуметтік мәртебесі анықталып, төмендегідей нәтиже көрсетті.

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік паспорты жасалды.

I жарты жылдық

Әлеуметтік санаттар	Саны	%
Барлық оқушылар	46	100%
Отбасы түрі бойынша:	29	100%
Толық отбасылар	28	96,5%
Толық емес отбасылар	1	3,5%
Анасы жоқ балалар	-	
Әкесі жоқ балалар	1	3,5%
Көп балалы отбасы	9	31%
Аз қамтамасыз етілген отбасы	-	
Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	
Мүгедек балалар , мүмкіндігі шектеулі балалар	1	3,5%
Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	
Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	
Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	
Мектепшілік бақылау есебінде тұрғанғдар	-	
Ата-аналарының білімі		
Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	5/11	28%
Техникалық және кәсіптік	6/7	22,8%
Орта	17/11	49,2%

II жарты жылдық бойынша

Әлеуметтік санаттар	Саны	%
Барлық оқушылар	47	100%
Отбасы түрі бойынша:	30	100%
Толық отбасылар	29 Бала саны:46	96,7%
Толық емес отбасылар	1 Бала	3,3%

	саны:1	
Анасы жоқ балалар	-	
Әкесі жоқ балалар	1	3,3%
Көп балалы отбасы	10 Бала саны:20	33,3%
Аз қамтамасыз етілген отбасы	-	
Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	
Мүгедек балалар , мүмкіндігі шектеулі балалар	1	2,13%
Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	
Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	
Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	
Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	
Ата-аналарының білімі		
Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	5/12	28.9%
Техникалық және кәсіптік	7/7	23.7%
Орта	18/12	37.67%

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы бағыты бойынша әлеуметтік карта арқылы білім алушылардың тұрмыстық жағдайы, отбасы құрамы, достары анықталды. Әлеуметтік мәртебесі бар білім алушылар тамыз айында 25.01.2008 ж.64 қаулы негізінде қаржылай көмек көрсетіліп, оқулықтармен, ыстық тамақпен толықтай қамтылды.

Кәсіпкерлерге акцияға қосылу, балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен сұраныс хаттар жіберілді. Мектептің инстаграмм парақшасына салынды. Жылдағы дәстүрмен Анвар ЖШС – нің директоры Талғат Салфииков мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы отырған 4 оқушыға толық оқу құралдары бар сөмке сыйлады. Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына (ҚР Оқу – ағарту министрінің 12.04.2023 №95) 10-қосымшаға сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде білім алушыларды тегін жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылуы бойынша өтініштері тіркеліп, қабылданды. Мектеп асханасында жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылатын жекеленген санаттағы 1 білім алушының тізімі бекітіліп, білім алушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Санаттар	Жалпы бала саны	Оның ішінде	
		1-4 сынып	5-9 сынып
I категория АӘК	0	0	0
II категория АӘК алмайтын жан басына шаққанда күн көрісі төмен	1		1
III категория Жетім және ата – ананың қамқорлығынсыз қалған бала	0	0	0
IV категория. Төтенше жағдай	0	0	0
V категория. Алқалық органмен	0	0	0
Жалпы	1	0	1

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 4/3895 кепілдік хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 4 қыркүйегінен бастап № 1 қосымшаға сәйкес 1-4 сынып оқушылары түгелдей ыстық тамақпен қамтылды.

Мектебімізде мүмкіндігі шектеулі 1 оқушы оқиды. Ол Маратов Елсұлтан ПМПК, үйде (М 91.1 Юношеский остеохондроз головки бедренной кости) қорытындысы бойынша жеке тегін үйде оқытылды. Білім алушының құжаттары жинақталды. Білім алушының отбасындағы ахуал қалыпты. Отбасылық жағдайы, баламен қарым – қатынасы қалыпты. Әлеуметтік жағдайы жақсы. Білім алушыға үйден сабақ оқу үшін жағдай жасалды. Пән мұғалімдері және психолог білім алушымен сабақ кестесіне сәйкес жұмыстанды. Үйден оқитын білім алушының ата – анасымен сұхбат болды. Ата – анаға баламен қалай жұмыстану керектігін, бос уақытын тиімді пайдалануына қалай қолдау көрсету керектігі туралы әңгімелесу жүргізіліп, кеңестер берілді.

Қазан айында әлеуметтік педагог 2-3 сынып оқушыларымен «Бақытты әке болудың кілті өз қолыңда» тақырыбында әкелермен кездесу өтті. Мақсаты: Бақытты әке болудың сырын ашу. Отбасы татулығын сақтаудағы әке жауапкершілігін түсіндіру. Әкенің балаға үлгі болу дағдыларын дамыту.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс бағыты бойынша қолайсыз, өмірлік қиын жағдайда қалған, құқық бұзушылықтың, ата-ана қамқорынсыз қалғандар бойынша білім алушылар тіркелмеді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы бағыты бойынша әлеуметтік педагог пен құқық қорғау органдары келіп 7-9 сынып оқушыларына түсіндірме жұмысын жүргізді. Мақсаты: Құқық бұзушылықтың алдын-алу. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді. Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.


Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды. Наурыз айында білім алушылар мен аналары арасында «Анамызға мың алғыс» тақырыбында аналарға алғыс айтып, аналардың көңілін көтерді. Мақсаты ана мен бала арасындағы ынтымақты нығайту, оқушылардың анаға деген махаббаттың арттыру. 15-мамыр Халықаралық отбасы күніне байланысты 5-7 сынып оқушыларымен бірге «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» тақырыбында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып өткізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі бағыты бойынша мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Қазан айында 8-9 сынып оқушылары арасында білім алушылар мен ата-аналарға буллингтің алдын-алу бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру және жаднама таратылды. “Буллингке жоқ дей аласың ба?” тақырыбында сауалнама алынды.

Ақпан айында «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Мақсаты оқушылардың буллингке қарсы сауаттылығын арттыру, олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

Оның ішінде, қаңтарда 2 – 4 сынып білім алушылармен дұрыс тамақтану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 15 білім алушыда 100% ия деп жауап берді. Сауалнама мәтінінде асханадан жиі тамақтанасың ба, мектеп асханасында тамақтың дайындалуы саған ұнай ма тағы сол сияқты сұрақтар берілді. Мектеп асханасы білім алушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Білім алушылардың асханаға, аспазшыға деген ешқандай қарсы пікірлері болмады.

Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсетті.



Мамыр айында 5 – 9 сынып білім алушыларынан “Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі” тақырыбында әлеуметтік сауалнамасы алынып, қорытындыланды.

Әлеуметтік педагог: Сабырова Г.О.